



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

Салық жүйесіне салмақты көзқарас керек

Достық үйінде мемлекеттік органдар өкілдері мен өңірлік бизнес-қоғамдастықтың қатысуымен жаңа Салық кодексінің негізгі ережелерін түсіндіруге және мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясатты талқылауға арналған келелі кездесу өтті. Маңызды мәжіліске Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Қанат Құлназаров, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық ғылым және білім департаментінің директоры Айхан Сұлтан, облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуді Ермек Амантайұлы ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, салық жүйесін жетілдіру және бизнеске қолайлы жағдай жасау бойынша жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығын атап өтті. Келелі кездесу барысында министрлік өкілдері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 18 шілдеде қол қойған жаңа Салық кодексінің негізгі тұстарын жан-жақты түсіндірді. Әсіресе, салық жүйесін оңтайландыру, кәсіпкерлікті қолдау және инвестиция тартуды ынталандыруға бағытталған өзгерістерге баса назар аударылды. Кәсіпкерлерге салықтық әкімшілендірудің жаңа тәсілдері, корпоративтік табыс салығы (КТС), жеке табыс салығы (ЖТС), қосылған құн



Сурет ашық дереккөзінен

салығы (ҚКС) мөлшерлемелеріндегі өзгерістер, сондай-ақ, арнайы салық режимдерін оңтайландыру бойынша ақпарат ұсынылды. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес, агроөнеркәсіптік сектор және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық салудың ерекшеліктері талқыланды.

– Қазір жаңа Салық кодексінің әрбір тармағы кәсіпкерлерге айқын әрі түсінікті болуы аса маңызды. Тек сонда ғана ашықтық, сенім және мемлекеттік органдар мен іскер қауым арасындағы тиімді әріптестік орнайды, – деп атап өтті Ермек Алпысов.

Жергілікті мәслихаттар мен әкімдік-

тер, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, бизнес және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері дерлік қатысқан кездесу ашық диалог форматында өтті. Қатысушылар өз сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдіруге әрі елдегі салық саясатының алдағы даму бағыттарын саралауға мүмкіндік алды. Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев жаңа Салық кодексінің басты бағыттарымен таныстырды. Құжат 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Реформаның негізгі мақсаты – салық жүйесін жеңілдету, есептілікті қысқарту, жеңілдіктерді оңтайландыру және инвестициялық белсенділікті ынталандыру.

– Салық реформасының түпкі мақсаты – тек әкімшілік жүктемені азайту емес, сонымен қатар, тұрақты экономикалық өсім мен бизнестің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, – деді Ерлан Сағынаев.

Кездесу барысында арнайы салық режимдерін қолдану, дифференциалды мөлшерлемелер енгізу және олардың бизнеске әсері жөнінде жан-жақты пікірлер ортаға салынып, талқыға түсті. Кәсіпкерлер жеңілдетілген салық жүйесін сақтау, коммуналдық қызмет тарифтері мен мемлекеттік қолдау шараларына қатысты сұрақтар қойды. Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Құлназаров тарифтік



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

саясаттың қалыптасуы табиғи монополия субъектілерінің өтінімдеріне және инфрақұрылымның техникалық жағдайына тікелей байланысты екенін айтты.

– Тарифтер тек Үкімет бекіткен инфляциялық дәліз аясында ғана өзгертілуі мүмкін. Өтінім беруден бастап, тарифті бекітуге дейінгі барлық процесс электронды «Монополист» жүйесінде жүргізіледі. Бұл жүйе ашықтықты қамтамасыз етіп, қоғам тарапынан бақылау орнатуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрековтің мәліметінше, биылдың сегіз айының қорытындысы бойынша облыстың ауыл шаруашылығы жалпы өнімі 3,4 пайызға артқан. Ол бағаны тұрақтандыру және ішкі нарықты қамтамасыз ету мақсатында тұрақтандыру қорлары құрылып, азықтүлік қоры қалыптастырылып жатқанын жеткізді.

Кездесу қорытындысында мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері арасында өзара түсіністік пен сындарлы диалог орнағаны аталып өтті. Жаңа Салық кодексінің негізгі ережелерін уақытылы және жан-жақты түсіндіру – бизнестің бейімделу үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы серіктестікке жаңа серпін беретін маңызды қадам. Мұндай ашық форматтағы кездесулер алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп, аймақ кәсіпкерлерінің құқықтық сауатын арттыруға, сондай-ақ, елдегі салық мәдениетін қалыптастыруға бағытталмақ.

► 2-бет

Жас дарындар жарқырады

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында «Достық үйінде» республикалық Халық көлөнері және жастар шығармашылығы фестивалі өтті. Онда аймақтың талантты өнерпаздары мен көлөнершілері бас қосып, қарағандылықтарға өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар, өңірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, қоғамдық ұйымдар мен жастар қозғалыстарының өкілдері қатысты. Фестиваль «Бірлігіміз жарасқан» атты жас дарындар бөлімінен басталды.



Фестивальде 5 пен 19 жас аралығындағы өнерпаздар бас аталым бойынша өнер көрсетті. Олар халық және классикалық аспаптарда ойнады, вокалдық жанрда ән шырқады, хореография және өзіндік жанр бойынша өнер көрсетті.

Фестивальдің басты мақса-

ты – ұлттық дәстүрлерді сақтау және насихаттау, халықтық қолданбалы өнерді дамыту, этносаралық келісімді нығайтуға үлес қосып жүрген дарынды жастарға қолдау көрсету.

Қатысушылардың бірі – Ернар Мәулет. Ол Шет ауданындағы өнер мектебінде домбыра

сыныбында оқиды. Ол фестивальде «Жастар биін» орындады. Жасы 10-да. Былтырғы фестивальде вокалдық жанрда ән салып, Гран-при алыпты. Ал, биыл аршалы домбырасымен өнер көрсетті.

– Әжем домбыра шертеді. Кішкентай кезімнен әжемнің



домбыра шерткеніне қарап қызығатын едім. Кейін өсе келе, анам бұл қызығушылығымды байқап, мені домбыра сыныбына оқуға апарды. Бүгінде он шақты күйді орындай аламын. Әлі де үйренгім келеді. Домбыра шерткен ұнайды, – деді Ернар Мәулет.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Шығармашылық ұжымдар қауымдастығының төрағасы, Ұлттық Дельфий комитетінің директоры Құралай Түспекова фестивальдің маңызына тоқталды.

– Бүгінгі фестиваль тек шығармашылық пен көлөнердің ғана көрінісі емес. Бұл – Қазақстандағы барлық этностың салт-дәстүрлері біртұтас мәдени палитраға тоғысқан бірліктің кеңістігі. Жыл өткен сайын фестивальдің маңызы артып келеді. Келешекте талай дарынның жұлдызын жағарына сенімдімін, – деді Құралай Түспекова.

Сондай-ақ ашылу салтанатына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қатысып, жылы лебізін білдірді.

Жалпы, мерейтой аясында ұйымдастырылған фестиваль екі бөлімнен тұрды.

► 2-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне
2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылуды
«Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық
бөлімшелерінде, сондай-ақ,
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы
бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 6000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4 800	11 082,60	10 682,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Еңбек нарығы бақылауда

Облыс әкімдігінде өткен кезекті аппараттық кеңесте жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту мәселесі қаралды. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан – әділ экономика және еңбек қоғамы» тұжырымдамасында түйінделген тапсырмалар аясында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыссыздықты төмендету, кәсіби оқыту мен жаңа жұмыс орындарын құруды басты бағыт ретінде қадап айтты.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі еңбек нарығында тұрақтылық байқалады. 2025 жылдың екінші тоқсанындағы ресми мәлімет бойынша жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрап, республикалық көрсеткіштен (4,6%) төмен деңгейде тіркелді. Әсіресе, жастар мен әйелдер арасындағы жұмыссыздық бәсеңдеп келеді.

– Биылдың өзінде аймақтық жұмыспен қамту картасы шеңберінде 47,9 мың адамды еңбекке тарту жоспарланған. Бұл жобаға бос жұмыс орындары, жеке бастамалар және субсидияланатын бағдарламалар қатыса алады. Қолданыстағы кәсіпкерлікті қолдау тетіктері де бұл бағытқа серпін беріп отыр.



Банктің бәсіресі



Home Credit Bank 20 жылдық мерейтойына орай Қазақстан қалаларын көгалдандыруға әрі экологиялық қолайлы орта қалыптастыру мақсатында «Жасыл саяжал» экологиялық бастамасын қолға алған болатын. Осы бастама аясында Қарағандыдағы Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті аумағына 100 көшет отырғызды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, бұл жоба – аталған банктің корпоративтік ESG стратегиясының бір бөлігі. Осыған дейін Алматы, Шымкент, Астана және Көкшетау қаласына 400 ағаш отырғызған болатын. Енді «жасыл» тізімге Қарағанды да қосылған. Алдағы уақытта банк басшылығы елдің 12 қаласына құны 36 млн теңгені құрайтын 1200 ағаш отырғызуды көздеп отыр.

– Атқарылып жатқан жұмыстар жай ғана іс-шара емес. Керісінше, ел болашағына қосып жатқан үлкен үлесіміздің бірі. Әрине, біз мерейтой аясында түрлі бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Ал, қоршаған ортаның экологиясы – ең бірінші орында. Сондықтан, біз облыс әкімдігімен келісімге келген болатынбыз. Ал, өңір басшысы бізге осы оқу орнын нұсқады. Қазір бұл жерге қайын, шетен және алма ағашын отырғыздық. Дәл осы ағаштың түрі ауаға көмірқышқыл газын көп мөлшерде бөледі. Сондықтан, осы түрі таңдалып алынды, – деді аталған банктің Қарағанды қаласындағы Кәсіпкерлікті дамыту бөлімшесі басшысының орынбасары Самғат Айтжан.

Сөз алған ҚарТУ-дың басқармалар-әлеуметтік тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Абай Қалықов облыс әкімдігі мен банк басшылығына көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдіріп, бастаманың сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткізілген түрлі экологиялық іс-шараларға универси-

тет ұжымынан студенттерге дейін бірауыздан қолдап, белсенді түрде атсалысып келеді. Бұдан кейін де қалыс қалмаймыз. Осы жолы оқу ғимаратымыздың ауласында жасыл желектердің отырғызылғанына ерекше қуаныштымын. Жас көшеттер алдағы уақытта жасыл саябақ аумағының бір бөлігіне айналып, студенттер мен қала тұрғындары үшін қолайлы микроклимат қалыптастырады деп сенемін, – деді ол.

Университеттің II курс студенті Әмір Кенжебек – белсенді жастардың бірі. Ол әрдайым қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, бірде-бір бастамадан тыс қалған емес. Бұл жолы да өзінің белсенділігімен көзге түсіп, қатарластарына үлгі бола білді. Игі істің алдыңғы шебінен табылып, өз үлесін қосты.

– Бұған дейін де түрлі экологиялық акцияларға қатысқанмын. Дегенмен, бұл іс-шараның жөні бөлек. Өйткені, бүгін өзіміздің сүйікті оқу орнымыздың ауласында жаңа көшеттер отырғызып жатыр. Ең қуаныштысы – сол көшеттерді өз қолымызбен отырғызудамыз. Уақыт өте келе, бұл ағаштар жайқалып өсіп, аулаға ерекше көрік бейнлейтініне сенемін. Ал, болашақта «Бұл көшеттерді өзіміз екенбіз» деп мақтанып отырып жүретін боламыз, – деді Әмір Кенжебек.

Айта кетейік, банк басшылығы мерейтой аясында бірқатар әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды да жүзеге асыруда.

Жас дарындар жарқырады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірінші бөлімде барлық өңірден келген қатысушылар вокал, хореография, халық және классикалық аспаптар бойынша өз өнерлерін көрсетті. Ал, екінші бөлімінде қатысушылар этностильдегі сән көрсетілімі мен колонер шеберлерінің көрмесіне қатысты. Басқарма басшысы ашылу салтанатында сөз алып, көпшілікті мерекемен құттықтады.

– Бүгінде өңірде 100-ден астам этнос өкілі өмір сүреді. Солардың бәрі жұдырықша жұмылып, ел бірлігі, татулығы үшін жұмыс істеп жатыр. Ал, оның бәріне ұйытқы болған – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Бұл жерде өз ісінің мамандары отыр. Біз жыл басынан бері 30 жылдықтың аясында біршама жұмыстар атқардық. Солардың ба-сы-қасында Ассамблея мүшелері жүр. Баршаңызға алғыс айтамын, – деді Нұрлан Бикенов.

Ассамблея жанындағы этномәдени бірлестіктер мен шығармашылық ұжымдардың колонер шеберлері өз ұлттарының дәстүрлі киім үлгілерін қазақтың классикалық ұлттық киім элементтерімен сабақтастыра заманауи тың форматта ұсынды. Сән үлгілері гламур, кэжуал, неофольклор және, тіпті, киберпанк сынды қазіргі заманғы стильдермен үйлесім тапқан. Барлығы да ұлттық нақым пен қазіргі заман талаптарын шебер ұштастыра білген. Байқау шартының да басты талабы – осы еді.

Фестиваль бағдарламасының шымылдығын ұлттық неофольклор стилінде тігілген «Арабика» атты сырт киімдер топтамасы ашты. Бұл ерекше коллекцияны Теміртау қаласынан келген киім дизайнері Елена Кудреватых таныстырды. Шебер аймақтық «Karaganda Fashion Festival 2024 және 2025» байқауларының дипломанты, республикалық деңгейде өткен «Kazakhstan Fashion Festival 2024» дизайнерлер фестивалінің қатысушысы. Сонымен қатар, ол Мәскеуде ұйымдасты-

Жыл басынан бері 32,5 мыңнан астам адам тұрақты және уақытша еңбекке орналасты. Олардың арасында жастар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен зейнет жасына таяған тұрғындар бар. Осыдан-ақ еңбек нарығында инклюзивті жұмыстың игілікті көрінісі аңғарылады, – деді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар.

Басқарма басшысының айтуынша, өңірде кәсіпкерлік бастаманы қолдау жұмысы да жүйелі түрде жалғасып келеді. «Бастау Бизнес» жобасы аясында шамамен 1,5 мың адам бизнес жоспары арқылы оқыды. 225 грант иегері өз кәсібін даңғелету мүмкіндігіне ие болды. Қысқа мерзімді кәсіби курстардан 580 адам өтсе, онлайн форматтағы SkillsEnbek платформасы арқылы 2,9 мыңнан астам азамат жұмысқа тұруға өтініш берген.

Сонымен қатар, «Jumys Tar» және «Алтын жас» жобалары арқылы әлеуметтік осал топтарға кәсіби кеңес пен оқыту жұмыстарын өткізу көзделген. Өңірде 110-нан астам бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылып, 1,1 мыңнан астам жұмыс беруші қатысқан. Бұл іс-шаралардың нәтижесінде көптеген тұрғын тұрақты табыс көзіне ие болды.

Биыл аймақта 15 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Бұл бастамалар 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға жол ашады.

– Жыл соңына дейін 579 жаңа жұмыс орны пайдалануға берілетін. Оның ішінде, «Тәмпо Қазақстан» кәсіпорнында – 100, «Тау-Кен Темірде» – 69, сондай-ақ, «Qaragandy Power Silicon», «Ыстық мырыштау зауыты», «Сарыөзен көмір» және басқа жобаларда елуге дейін адам жұмыспен қамтылады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ал, «Евразия Лэнд» пен «Алтын Алқап» компанияларында – 40, «Гиперборей» жобасы аясында 20 жаңа жұмыс орны ашылады, – деп толықтырды Төлеу Мұхтар.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының деректеріне сүйенсек, бұл кәсіпорындар толық қуатқа шыққан соң, ендігі жылы қосымша – 1 053 адам, ал, 2027 жылы 600-ден астам адам тұрақты жұмысқа орналасады.

Негізінен, технологиялық желі операторлары, балқытушылар, ауыр жабдықты орнату мамандары (такелажшылар), кран машинистері мен электромонтерлер секілді мамандықтарға сұраныс артып отырған көрінеді.

Кеңес қорытындысында облыс әкімі жұмыспен қамтуды әлеуметтік тұрақтылықтың өзегі деп нық атап өтті.

– Жұмыспен қамту – әр адамның өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Бұл бағыт бізден үнемі жіті назарды және кешенді тәсілді талап етеді. Кәсіби оқытуды жалғастырып, зейнет жасындағы азаматтарға арнап, арнайы жұмыс орындарын ашуға кәсіпорындарды дағдыландыру қажет. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін үздіксіз үзілмеуі тиіс, – деді аймақ басшысы.

Жалпы, аймақта жұмыспен қамтуды арттыру, кәсіби оқыту және инвестициялық жобалар арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу бағытындағы жұмыс жүйелі жалғасуда. Барлық негізгі көрсеткіштер мен міндеттер аймақ басшысының назарында.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Салық жүйесіне салмақты көзқарас керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жаңа Салық кодексі күшіне енгеннен кейін еліміздің салықтық ландшафт айтарлықтай өзгереді. Әлбетте, мұнда кәсіпкерлер үшін бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Бірақ, осы жаңалықтардың бәрі тек оң әсер береді деу тым біржақты пікір болар еді. Себебі, экономикалық нарық тірі организм секілді: үнемі қозғалыста, үнемі өзгерісте. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа ережелерге бейімделу үшін бизнеске уақыт қажет болады. Жүйе де, кәсіпкерлер де бой үйретуге мәжбүр. Басты назар аударатын жайт – қосымша құн салығының өсуі. Бұл өз кезегінде өннің түпкілікті құнын арттыруға тікелей ықпал етеді. Инфляцияның жоғарылауы қазіргі экономикалық жағдайдың шындығы, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда, ауыл шаруашылығы саласына қатысты жағдай біршама тұрақты. Бұл салада мемлекет тарапынан бағаны ұстап тұру тетіктері қарастырылған. Ал, өңірде өнеркәсібінде керісінше, шикізат пен энергия тасымалдау құны өсуіне байланысты тауарлардың өзіндік құны еріксіз жоғарылайды. Бұл, әсіресе, шағын және орта бизнес үшін біршама сынақ болмақ, – дейді тәжірибелі салық кеңесшісі Оксана Вавренюк.

Кездесуде кәсіпкерлер мен өңірлік кеңес мүшелері жаңа салық нормаларын енгізудің практикалық тетіктерін талқылап, өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Жаңа кодекстің енгізілуі салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге, кәсіпкерлік субъектілеріне қолайлы жағдай жасауға және елдің экономикалық дамуына ықпал ететін тиімді реформаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бергенмен, салықтық өзгерістердің енгізілуі бизнеске бейімделу үшін едәуір уақытты талап ететіндей. Салық саясатының тиімділігі, ең алдымен, кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы тығыз байланыс пен түсіністікке тікелей байланысты болмақ. Сондықтан да, мұндай ашық форматтағы кездесулер алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп, салықтық реформалардың сәтті жүзеге асырылуына үлес қосатын болады.



рылған, аты аңызға айналған сәнгер Вячеслав Зайцевті еске алуға арналған «World Beauty Fashion Festival 2024» сән апталығына да қатысып үлгерген. Жұырда ғана Астанада өткен «Fashion House Kazakhstan 2025» республикалық фестивалінде Гран-при жүлдесін жеңіп алған. Дизайнердің осы бір топтамасы көштің сәнін кіргізіп, көптің назарын өзіне аударды.

Сонымен қатар, дизайнер, балаларға, ерлерге арналған топтамасы да көрермен назарына ұсынды.

– «Арабика» – бұл жай ғана киімдер топтамасы емес, бұл мата, өрнек пен пішінмен өрілген тарих. Мұнда дәстүр мен шабыт, балалық, ұлттық код пен заманауи сән мәдениеті тоғысқан. Қазақтың дәстүрлі шапанын за-

манауи тұрғыда пішіп шықтық. Әрбір киім үлгісі сәнді жаккард матасынан тігіліп, халықтық сәндік-қолданбалы өнерде кеңінен қолданылатын көркем сырмалы техниканың өрнеген. Жұмсақ иілімдер, асыл материалдар мен айналымы сәулеттер – ұлттық стильді аңғартады. Бұл топтама тек сән үшін емес, өзінің тамырын таныттың, мәдени мұраны мақтанышымен киіп жүретін, жарқын, батыл әрі ерекше болғысы келетін заманауи әйелдерге арналған, – деді Елена Кудреватых.

Бұдан кейін теміртаулық аксесуар шебері Олеся Бочарникова өзінің зергерлік бұйымдардан құралған ерекше топтамасын ұсынды. Сонымен қатар, фестиваль аясында шеберлер бірлік пен өзара түсіністіктің символына айналған қазақтың құрақ көрпесін арнайы тігіп, көпшілік назарына ұсынды. Ал, бұл көрініс фестиваль мазмұнын айқындай түскен ең жарқын әрі әсерлі сәттің біріне айналды.

Ерік НАРЫН, Ербол ЕРБОЛАТ

Суреттерді түсірген Мұса ҚАЗБЕКҰЛЫ

Болат Қоңырұлы ҚАСЕНОВ

Қарағанды ғылымы ауыр қайғыға душар болды.

2025 жылғы 13 қазанда белгілі ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, химия ғылымдарының докторы, профессор Болат Қоңырұлы Қасенов 79 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Болат Қоңырұлы Қасенов 1946 жылы 9 қарашада Қарағанды қаласы Федоровка поселкесінде көпбалалы шахтердің отбасында дүниеге келген. Федоровка поселкесінің №102 жетіжылдық мектебінде оқыды. 1956 жылы ата-анасы Қарағанды облысы, Ворошилов ауданының «Жаңа қала» колхозына көшіп барып, ол 1961 жылы осындағы жетіжылдық мектепті бітіреді. Одан әрі Қарағанды қаласының №7 орта мектебінде, №2 мектеп-интернатында және №41 орта мектебінде оқыған.

1966 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, 1971 жылы аталмыш институтты химия және биология мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Институтты бітірген соң Қарағанды Химия-металлургия институтының (ХМИ) сирек және шашыраңқы элементтер зертханасында еңбек жолын бастады.

1974 жылы – «Бейорганикалық химия» мамандығы бойынша академик Е.А.Бөкетов пен т.ғ.к. С.М.Исабаевтың жетекшілігімен аспирантураға түсіп, өндірістен кол үзбей жүріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Ал, 1981 жылы 25 қарашада М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің химия ғылымдары бойынша мамандандырылған кеңесінде («MeAsO₃ – Me₃AsO₄, Me₃AsO₄ – Me₂CO₃, Me₂CO₃ – As₂O₃ (Me – сілтілік металл) жүйесінің өзара әрекеттесуін физика-химиялық зерттеу» тақырыбында 02.00.01 – бейорганикалық химия мамандығы бойынша химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ізденуге арналған диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін, 1982-1984 жылдар аралығында ҚазКСР ҒА Химия-металлургия институтында ғылыми хатшы қызметін атқарды. Өзінің ұстазы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚазКСР ҒА академигі Е.А.Бөкетов басқаратын халькогендер және халькогенидтер химиясы мен технологиясы жөніндегі II Бүкілодақтық мәслихатты ұйымдастыруға және өткізуге белсенді араласты.

1984 ж. физика-химиялық анализ зертханасының меңгерушісі болып тағайындалды.

1986 жылы КСРО Ғылым академиясының Президиумының шешімімен «аға ғылыми қызметкер» ғылыми дәрежесін иеленді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы кол жеткізген табыстары үшін 1986 жылы ҚазКСР ҒА Құрмет грамотасымен, 1988 жылы Қазақстан Компартиясы ОК, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің, ҚазКСР Кеңестік кәсіподақ және Қазақстан ЛКЖО ОК Естелік Құрмет грамотасымен марапатталды.

Б.Қ.Касеновтің ғалым болып қалыптасуына өзінің ұстаздары ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Е.А.Бөкетов, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор С.М. Исабаевпен қатар Қазақстан Республикасының ғылым мен техникасына еңбек сіңірген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор З.М. Молдахметов, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, химия ғылымдарының докторы, профессор С.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Б.А.Поповкин тәрізді көрнекті ғалымдар ықпал етті.

1991 жылы 22 қарашада М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Химия факультетінің мамандандырылған кеңесінде «S- және кейбір p-, d-, f- элементтері оксоарсенттерін физика-химиялық касиеттері мен синтезі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Сондай-ақ, Б.Қ.Касенов 1993 жылы Қазақстанның алты ғалымының қатарында 1986-1991 ж.ж. кезеңіндегі Ресей Федерациясының Ғылыми талдау мен техникалық саясат орталығы деректері базасының негізінде анықталған іс жүзіндегі беделді ғалымдардың, Ресей Федерациясының КСРО ғылыми элитасы рейтингінің арнайы ғылымтану зерттеулерінің нәтижесінде «КСРО ғылымының көшбасшылары» құрамына енді.

Профессор Б.Қ.Касенов 1992, 1996, 1997, 2009 және 2015 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті химия факультетін бітірушілерден



мемлекеттік емтихан және диплом, диссертация қорғауды қабылдайтын мемлекеттік комиссияның төрағасы, ал 2011 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің магистратурасына химия мамандығы бойынша емтихан қабылдау комиссия төрағасы болды.

1994 жылы «Сорос» халықаралық қоры грантының иегері атанды. 1995 жылы ҚР Жоғары аттестациялық кеңестің шешімімен «профессор» ғылыми атағы берілді. Сол жылы Қазақстан Республикасы көрнекті ғалымдарына арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды. Осы жоғары стипендияға кейіннен бес рет иегер (2000-2002 ж.ж., 2002-2004 ж.ж., 2008-2010 ж.ж., 2011-2012 ж.ж., 2018-2019 ж.ж.) болды.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2010 жылдың аяғына дейін профессор Б.Қ.Касенов Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің химия ғылымдары бойынша докторлық (кандидаттық) диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасының орынбасары болып келді.

Оның ғылыми мектебінен 4 ғылым докторы, 23 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы және 8 ғылым магистрі тәрбиеленіп шықты.

1999 жылдың желтоқсанында ҚР БҒМ «Фитохимия» институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі С.М.Әдеkenovтің шақыруымен директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, ал 2006 жылдан бастап 2011 жылдың қыркүйегіне дейін «Фитохимия ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ вице-президенті, физика-химиялық зерттеулер зертханасы меңгерушісі қызметтерін атқарды. Табиғи сесквитерпендік лактон – бірегей қатерлі ісікке қарсы «Арглабин» препаратының негізгі әрекет етуші затының термодинамикасы жайлы мақаласы АҚШ-та жарық көретін өте беделді ғылыми басылым «Физикалық химия журналында» өте қысқа мерзімде – редакцияға түскен кезден бастап 4 ай ішінде жарияланды.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 10 жыл» мерейтойлық медалімен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Ол – 1054 ғылыми жұмыстардың, оның ішінде 37 монография мен кітаптардың авторы. Оның авторлармен бірлесіп жазған 200-ден астам ғылыми мақалалары рефератталатын импакт-факторлары бар және алыс шетелдерде аударылатын КСРО ҒА мен РФА (оның ішінде АҚШ-та ағылшын тілінде) беделді ғылыми журналдарында жарияланды.

Сонымен қатар, ол – әріптестерімен бірге 32 КСРО Авторлық куәліктері, ҚР Патенттері, Инновациялық және пайдалы модель патенттерінің иегері.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылға 25 тамызындағы № 1637 Жарлығымен Б.Қ.Касеновке мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін, құқықтық мемлекет құруға айтарлықтай қосқан үлесі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

2006 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры болып сайланды және Халықаралық «Ғылыми сәріктестік» жорының (Ресей) «Құрмет белгісі» медалімен марапатталды. Осы жылы авторлармен бірлесіп жазған биологиялық белсенді заттардың термодинамикасы бойынша ғылыми жұмыстар циклі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің академик Қ.И. Сәтбаев атындағы I дәрежелі сыйлығымен марапатталды.

Сонымен қатар, ол 2006 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым мни-

стрінің және Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, ал 2008 ж. Химия-металлургия институтына 50 жылдық мерейтойлық медалымен, 2009 жылы ҚР ҰҒА Орталық Қазақстан бөліміне 25 жылдығына арналған мерекелік медалымен марапатталды.

2008 жылы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығын тағайындайтын химия-технология секциясының комиссия мүшелігіне енгізілді, ал 2010 жылы химия мен материалдар ғылыми саласындағы Мемлекеттік ғылыми стипендияларды талқылайтын сараптамалық кеңестің құрамына енді. 2008 жылы ол Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Оның ғылыми жарияланымдарының жоғары рейтингісінің айғағы оның 2009 ж. «Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық апаратының Ұлттық ғылыми орталығы» АҚ-ның «Шетелдердегі жарияланымдары ең көп қазақстандық авторлар» номинациясының I дәрежелі дипломы және осы номинация бойынша 2010 ж. «Thomson Reuters» (Ұлыбритания) корпорациясының дипломымен марапатталуы болып табылады.

«Thomson Reuters» (Web of Science) базасының мәліметтері бойынша оның тізіміне енген 1991-2011 жылдары жарияланымдары көп 2155 Қазақстан ғалымдарының арасында Б.Қ.Касенов 2-орында.

2011 жылдың қыркүйегінен бастап ол Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты термохимиялық процестер зертханасының меңгерушісі лауазымын мінсіз атқарды.

Халықаралық ғылыми журналдарда жарық көрген ғылыми жұмыстардың нәтижелері төмендегідей халықаралық ақпараттық жүйелер мен ақпараттық қорларға: «Thomson Reuters», «Chem.Web.com», «Scopus», «Springer», «eLibrary» (РИНЦ) («Math-Net.Ru») және т.б. енді. 2021 жылдың маусым айы бойынша Қасеновтің Халықаралық «Thomson Reuters», «Web of Science» ақпараттық қорына 191 мақалалары, ал Халықаралық «Scopus» қорына 183 мақаласы енді. Оларда Б.Қ.Касенов пен оның әріптестерінің Хирша (h-index) индексі көрсетілді.

Ол 2013 жылы Қазақстан жаратылыстану академиясының толық мүшесі болып сайланды.

2015 жылы ол ҚР ғылым мен техника саласындағы химия-технологиялық ғылымдары бойынша мемлекеттік сыйлықты сараптайтын секцияның құрамына енгізілді.

2016 жылы Орталық Азия авторларының ішінде «Springer» баспасы журналдарында ең көп мақалалар жарияланғаны үшін аса ірі халықаралық «Springer Nature» баспасы тағайындаған «TOP Springer Author» Халықаралық сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Осы жылы «Михаил Васильевич Ломоносовка – 300 жыл» естелік медалімен (Ресей Федерациясы) марапатталды.

2017 және 2021 жылдары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және инновациялық даму министрлігінің III және II дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгілерімен және 2022 жылы Халықаралық Қ.И.Сәтбаев қорының «Қаныш Сәтбаев» төсбелгісімен марапатталды.

2023 жылы Қазақстандық салалық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподағы Қарағанды облыстық ұйымының Алғыс хатымен және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Индустриялық даму комитетінің «ҚР Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық орталығы» РМК Грамотасымен марапатталды.

Бос уақытында тарихи кітаптарды оқуды ұнататын. Оның жеке кітапханасында өзінің мамандығынан басқа да жан-жақты тақырыпқа арналған Қазақстан, Ресей және бірқатар таяу және алыс шетелдердің тарихына арналған бірқатар кітаптар сақталған. Домбырада Құрманғазының, Динаның, Түркештің, Тәттімбеттің және заманауи композиторлардың шығармаларын орындады. Нумизматикамен әуестенді, коллекционерлердің Қарағанды қалалық қоғамының мүшесі.

Дарынды ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Қоңырұлы Қасеновтің отандық ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесі оның әріптестерінің, шәкірттерінің, барша қарағандылықтардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты, Органикалық синтез және көмір химиясы институты, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының ұжымдары

№192



Еске алу

Ұстаз өмірінің ізі өшпейді

«Өмір өткінші, өнеге мәңгілік» демекші, марқұм **Рысқұл Баданұлы АХМЕТОВТІҢ** ұстаздық өмір жолында шәкірттерінің санасына сіңіре білген білімі мен тәрбиесі ұшан-теңіз еді.

Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мектеп өмірінде мұғаліміміз бізге физика пәнінен сабақ беріп, 11-сыныпқа дейін сынып жетекшілік етті. Сол жылдарда ер адамның сынып жетекшілікті атқаруы, кез келген іс-шараларға сыныпты белсенді қатыстыруы, ерекше дайындықпен ата-аналар жиналысын ұйымдастыруы – үлкен еңбек екен ғой.

Ұстаздықтың бір өлшемі – мейірім болса, екінші өлшемі – адалдық. Қыз балаларға әкелік мейіріммен қарап, еркелете білсе, ұл балаларға жауапкершілік пен қайсарлық мінезді бойларына дарыта білді. Бұл құндылықтарды шәкірт бойына сіңіре білген Рысқұл Баданұлының бізге берген тәрбиесі өмірімізге азық болды десек те болады. Жас шәкірттерінің қанатын қатайтып, үлкен өмір жолына тәрбиелеп, бағыт-бағдар берген ұстазымыздың еңбегі мәңгі санамызда сақталды.

Осындай ұлы ұстаздың қай шәкірті болса да, ерен еңбегін ешқашан ұмытпайды.

Еске алушылар: **1999 жылы мектеп бітірген оқушылары**

т/б



Шағын шаһардағы сенбілік



Приозерск қаласында санитарлық тазалық пен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жалпы қалалық сенбілік өтті. Игі шараға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, білім беру ұйымдарының ұжымдары, ерікті жастар мен белсенді қала тұрғындары бір кісідей атсалысты.



Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тазалық жұмыстары таңғы сағат 9:00-де басталып, кешке дейін жалғасты. Қатысушылар қаланың әр аумағына бөлініп, қоғамдық орындар мен саябақтарды, көше бойларын, тротуарлар мен аулаларды, сондай-ақ, қаланың шеткері аумақтарын күл-қоқыстан тазартты. Нәтижесінде 22 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылып, тазалыққа 6 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.


– Қала тазалығы – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Балқаш жағалауына арнайы коқыс контейнерлері орнатылып, коқыс арнайы мердігер мекемелер арқылы шығарылды. Экологияны жақсарту үшін 300

ағаш отырғызылып, қураған 300-ден астам ағаш кесілді, 2 500 ағаш әктелді және шөп шабу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл – жасыл желек пен қаланың табиғи көркін сақтау бағытындағы жұмыстарының бір бөлігі десек те болады. Алдағы уақыттарда бұл жұмыстардың ауқымын кеңейтеміз, – дейді Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ұлан Алмас.

Қала әкімдігі өкілдерінің айтуынша, бұқаралық сенбілік алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын таппақ.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген **автор**



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

№376

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalyq.kz/



• МЕРЕЙТОЙ

Әнге айналған ғұмыр

Қазақтың ұлан-ғайыр даласының әр қастерлі пұшағы талай дүлдүлдерді дүниеге әкеліп, қанатын қатайтты. Жазиралы Жаңаарқадан түлеп ұшқан Қайрат Байбосынов ісі қазақтың ән өнерін жаңа белеске шығарған асқақ әнші. Өнер мен өмірдің егіз ұғым екенін дәлелдеген дарабоз әнші биыл жетпіс бес жасқа толды. Осыған орай, Арқа жұрты өз перзентін айрықша ілтипатпен қарсы алып Кеншілер мәдениет сарайында ән өнерін әуелеткен ғаламат кеш өткізді.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы да алқалы кешке арнайы қатысты. Мерейлі мезетте Ермағанбет Бөлекпаев мерейтой ісіне Қарағандының қас ортасынан пәтер кілтін табыстап, мерейін тасытты. Арқа жұртының ардақты әншісіне риясыз құрметін, өнерге деген ізгі ілтипатын көрсеткен облыс әкімі сахна төрінде ел атынан ақ тілегін арнады.

— Өзіңіздің дара дарыныңызбен, әуелете шырайтын әсем әндеріңізбен қашан да халқымыздың ыстық ықыласына бөленіп жүрсіз. Сіз — Арқа төскейінен тұтас Алаш өнерінің асқар шыңына өрлеген өр әншісіз. Ұлағатты ұстаз ретіндегі еңбегіңізді де айтпай кетуге болмайды. Тұралап қалған қазақ мәдениетін жаңа белеске жетелеп, мәдени мұра қоржынын халық әндерімен толықтырдыңыз. Саналы ғұмырыңызда сахнаның саңлағына,

еліміздің елеулі еріне айналдыңыз. Өнер жолындағы толассыз еңбегіңіз бағаланып, соның жемісін көре беріңіз, — деді аймақ басшысы.

Қайрат Байбосыновтың өнерге келу жолы да өзгеше. Небәрі 13 жасында Мәдидің «Қарқаралы» әнін орындап, таспаға жазылды. 1964 жылы Нұрғиса Тілендиев Қарағандыға гастрольмен келгенде, жас әншінің өнеріне сүйсініпті. Кеншілер мәдениет сарайында өткен кеште бозбаланың орындауындағы өзінің «Жан сәулем» әніне тебіренген Тілендиев сахнаға ұмтылып шығып, Қайратты көтеріп алып, екі бетінен алма-кезек сүйіп, тәнтгі болған екен. 19 жасқа толғанында да ұлы композитор Қайратты арнайы Алматыға алдыртып, «Қыз Жібек» фильмінде Төлегеннің әндерін орындауға лайық деп ұсынып, өнерге жетеледі.

Араға жылдар салып, осы киелі шаңырақта Қазақстанның Еңбек Ері, Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

«Парасат» орденінің иегері, профессор атағымен белесті бағындырған Қайрат Байбосыновтың кеші дүркіреп өтті.

Ән өнеріндегі үзгенілері мен шәкірттері сахнаны сәнге бөлеп, әндерін әуелетті. Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Серік Ақсұңқарұлы мерейтой ісіне арнаған өлеңін оқыды. Ал, дүлдүл әнші Ғалым Мұхамеддин Тайжан Қалмағанбетовтің «Сақ-сақ» әнін салғанда, зал толы жұрт ду күлгіге қарық болып, шат-шадыман күйге бөленді.

Кеш соңында мерейтой ісесі де сахнаға шығып, халқына алғаусыз алғысын білдірді. Қазақтың ән өнерін тек сахна төрінде емес, төртқұл дүниеге танытқан Жүсіпбек Елебековтің қазақ әнін бүгінге жеткізсе, шәкірті де дәстүрден жаңылмай, мәдени мұраны келер ұрпаққа аманаттады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ХОККЕЙ

Қарсыласты қапы қалдырды

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионаты аясында Өскеменнің «Торпедосын» өз алаңында қабылдап, басты қарсыластарының бірін жеңді. Алғашқы ойында жерлестер қарсыластарынан — 3:1, қарымта кездесуде 4:3 есебімен басым түсті. Осылайша, олар өз алаңындағы маңызды кездесуінде ұпай жоғалтпай, турнир кестесіндегі ІІІ орнын сақтап қалды. Қазіргі таңда ХІV турдың қорытындысы бойынша қоржында — 20 ұпай.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, қос қарсылас — бір-біріне тең түсер, шынайы бәсекелестер. Мұны олардың өзара өткен кездесулері де дәлелдейді. Өткен маусымда екі команда бес мәрте жолығып, соның екеуінде қарсыластар жеңіске жеткен. Бұған дейінгі ойындар да оңай өткен емес. Ұпай мен жеңісті кезек бөлісіп жүрген командалар. Дегенмен, бұл жолғы кездесуде алаң иелері мінез танытып, басымдықты өз қолына алды.

Алғашқы кездесу — 3:1 есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді. Бірінші айналымда алаң иелері сапынан Радель Фазлеев, екінші айналымда Данила Карабан көзге түскен болатын. Үшінші айналым басталысымен қарсылас команда шабуылшысы Максим Базанов есеп алшақтығын қысқартты. Ал, 53-минутта «Сарыарқа» сапынан шабуылшы Сергей Барбашев үшінші шайбаны салып, қарсыластарын екі шайба айырмашылығымен жеңіп кетті.

Қарымта кездесуде қарсыластар алдым аштырмады. Ойын басталысымен «Торпедо» шабуылшысы Андрей Рунов есеп ашқан болатын. Ал, біздікілер бұл айналымда нәтиже көрсете алмады. Бірақ,

екінші айналымның басында Александр Борисевич таразы басын теңестіріп кетті. Өкінішке қарай, қарсыластар уақыт оздырмай екінші шайбасын салып, есеп алшақтығын ұзартты. Бірақ, екінші айналымның аяқталуына бір минут қалғанда алаң иелері сапынан Данила Карабан таразы басын теңестіріп, тең тарқасты.

Үшінші айналым басталысымен қарсыластар тағы да белсенділік танытты. Үшінші шайбасын салып, есепте алғашықты. Бұдан кейін жерлестердің қарқыны бәсеңдеген жоқ. Ойынның 53-минутында — Радель Фазлеев, 59-минутында Руслан Демин есеп ашып, жеңісті жұлып алды.

Қазіргі таңда қарағандылықтардың турнир кестесіндегі орны — көңіл көншітерлік. Өскемендік «Торпедо» қарағандылықтардан жеңіліп, ұпай жоғалтты. Соның салдарынан турнирлік кестеде ІІ орынға түсіп қалды. Қазір олардың еншісінде — 21 ұпай. Ал, көш басында — елордалық «Номад» клубы тұр. Олар соңғы екі кездесуінде жеңіске жетіп, 26 ұпай иемденді.

Енді жерлестер Петропавлдың «Құлагер» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Баскетболдың болашағы бар ма?

Елімізде дамымай, кенжелеп қалған бір олимпиадалық спорт түрі болса, ол — баскетбол. Бірақ соңғы жылдары Шахтинск қаласында осы спорт ойыны өрістеп, қанатын жайып келеді.

Ержап ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баскетболдың Отаны Америка Құрама Штаттары екені белгілі. Бұл ойынді 1891 жылы Канададан Массачусетс штатына қоныс аударған мұғалім, доктор Джеймс Нейсмит гимнастиканы жетілдіру мақсатында ойлап тапқан екен де, оның алғашқы жарысы аталған штаттың Спрингфилд қаласында құрылған Христиан жастар қауымдастығының оқу-жаттығу орталығында футбол добымен ұйымдастырылыпты. Арада бір жыл өткен соң әлгі Джеймс оның арнайы добы мен 13 ережесін де жасаған көрінеді.

Бастапқыда әлемнің әр еліне тарап, түрлі деңгейдегі турнирлер, біріншіліктер өткізіліп келген баскетболды 1935 жылы Халықаралық Олимпиада комитеті олимпиадалық ойындар қатарына қосқан. Кезінде бұл жоғары дәрежелі спорт сынына КСРО-ның баскетбол командасы да қатысып, 1972 жылы Мюнхен, 1976 жылы Монреаль Олимпиадаларының чемпионы атанады. Осы екі бірдей әлемдік додада одақтық баскетбол командасы құрамында бірден-бір



қазақ азаматы Әлжан Жармұхамедовтің (1944-2022 ж.ж.) де ойынап, екі мәрте Олимпиада, 9 рет КСРО, 3 дүркін Еуропа чемпионы (1967, 1971, 1979 ж.ж.), тіпті, Мюнхен Олимпиадасында команда капитаны болғанын бүгінде біреу білмейді. Тек Қазақ спорт және туризм академиясының баскетбол залы ғана даңқты баскетболшымыз, КСРО-ның спорт шебері Әлжан Жармұхамедов атымен аталса, елімізде, соның ішінде, туған жері Түркістан об-

лысында оны еске түсірердей бір белгі әлі күнге жоқ.

Сол марқұм Әлжан ағамыздың салмағы 95 килограмм, бойы 2 метр 7 сантиметр болған екен дейді. Мұның өзі баскетболшы болу үшін аса қажет талаптардың бірі. Өйткені, ойын тәртібі бойынша 28X15 метрлік шардың алаңда бес-бес ойыншыдан тұратын екі команда допты бір-біріне лақтырып, пас беріп, домалатып, немесе жерге жиі-жиі ұрып, дриблингпен алып келіп, екі жағын-

дағы бағанаға 305 сантиметр биіктікте бекітілген торқалтаға топ еткізіп түсірулері керек. Әрине, бұған бойдың ұзындығымен қоса айла-тәсіл мен көз ілеспес жылдамдық та болуы тиіс. Шүкір, қазіргі жастарымыздың бойшаң, сида, серейіп өсіп келе жатқанын күнде көзімізбен көріп жүрміз. Неге екені белгісіз, олардың көбісі баскетболдан гөрі футбол ойнауға құмар. Мүмкін, бұған елімізде осы спорт түріне көп көңіл бөлініп, кейінгі кезде оның мектеп

бағдарламасына дейін енгізілуі де әсер ететін шығар. Олардың кәсіби тұрғыдан дайындалуына қажет етілетін баскетхол тек Қарағанды қаласының өзінде ғана бар. Баскетболдан чемпионаттар мен дәстүрлі жарыстар, жолдастық кездесулер облысымызды былай қойғанда, республикамызда да сирек өтеді. Тәжірибе алмасып, шеберлік шыңдайтын жағдай жоқтығынан біздің баскетбол командаларымыздың ел асып барып, шетелден олжалы оралғанын бүгінге дейін естімепіз. Биыл осы спорт түрінен Монғолияда өткен Азия чемпионатында Қазақстан командасының бір ойында ғана жеңгенін айтудың өзі ұят.

«Болат қайнауа, ер жігіт майданда шынығады» дейді осы орайда Шахтинск қаласындағы Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің директоры, Шахтинск қалалық мәслихатының депутаты Аманжол Тілеубек. Қазақ спорт және туризм академиясын 2009 жылы бітіріп, баскетбол спортынан спорт шеберлігіне үміткер атағы бар ол 2010 жылдың қаңтар айынан бастап, қаланың Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейде денешынықтыру пәнінің мұғалімі, 2016-2022 жылдары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, содан кейін осы мектепке директор болған 15 жылында балаларды баскетболға жаттықтырумен үзбей айналысуда.

Қазірде бұл білім ордасында

спорттың 9 түрімен шұғылдана-тын 892 баланың 130-ы баскетбол секциясына жазылған. Жас ерекшеліктеріне қарай оларға өзін қоса алғанда 5 жаттықтырушы осы спорттың қыр-сырын, әдіс-тәсілдерін талмай үйретеді. Соның ішінде 2023 жылы Қазақ спорт академиясын бітіріп келген өз шәкірті Дидар Құдайберген де бар. Өзірге оның нәтижесі жаман да емес. Мәселен, соңғы үш жылда осы мектептің ұлдар баскетбол командасы қатарынан 3 рет облыс чемпионы атанса, биыл Қарағанды облысы командасы құрамында баскетболдан Қазақстан чемпионатына екі рет қатысып, бірінде күміс, екіншісінде қола медальді иеленді. Айта кету керек, облыс командасының негізгі құрамы шахтинскілік балғын баскетболшылардан жасақталған.

— Енді 17 орындық «Газель» автокөлігіне қолымыз жетіп, қуанып отырмыз, — дейді Аманжол Тілеубек, — Ол біздің балалардың алыс-жақын жерлерге жиі барып, жолдастық кездесулер өткізіп, ірілі-ұсақты турнирлерге қатысып, мол тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқанымдай, сол спорт шайқастарында олардың шеберліктері шыңдалып, жетіледі.

Міне, осыдан кейін баскетболдың болашағы бар екендігіне қалай сенбейсің?!

ШАХТИНСК
Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-789-183-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген ® Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермаков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама белімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 512 №113 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқю» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерханат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ
--	---	---	---